ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 22 қаңтар №24 Астана, Үкімет Үйі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Хамза Жұматов атындағы Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен қосылу және қайта құру жолымен байқау кеңесін енгізе отырып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің «Масғұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының атауы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Масғұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып өзгертілсін.

3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган болып;

2) кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген кәсіпорындардың жарғыларын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізілуін;

2) осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген кәсіпорындардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және қайта тіркелуін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы №71 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2017 ж., №6, 41-құжат);

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар» деген бөлімде:

6-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26 және 27-тармақтармен толықтырылсын:

«26. Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы

27. Масғұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы»;

ведомстволардың қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары» деген 5-бөлімде:

1, 2, 3-тармақтар алып тасталсын;

2-қосымшада:

қайта аталатын мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбесінде:

«1. Мемлекеттік кәсіпорындар» деген бөлімде:

6-тармақ алып тасталсын;

2) «Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы №511 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 38, 461-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі» деген бөлімде:

реттік нөмірлері 130 және 145-2-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 145-3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

145-3.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Масғұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

реттік нөмірі 145-4-жол алып тасталсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 16 қазан №344 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Халықтың көші-қон туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 9) және 11) тармақшаларына және «Мемлекеттік қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшаларына сәйкес **бұйырамын:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон саясаты департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін қағаз және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарына және «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.Б.Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.ДҮЙСЕНОВА

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі _____ Д. Абаев
2017 жылғы 20 қараша

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі _____Т. Сүлейменов
2017 жылғы 30 қазан

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі _____Қ. Қасымов
2017 жылғы 14 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 16 қазандағы №344 бұйрығына қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының тізбесі

1. «Оралман мәртебесін беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-Ө-М бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8624 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 198 (28137) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралман мәртебесін беру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өтінішке мынадай құжаттар:

1) өмірбаян (еркін нысанда);

2) отбасы отағасының, сондай-ақ отбасының әрбір мүшесінің мөлшері 3х4 сантиметр 2 фотосуреті;

3) қазақ немесе орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасымен өтініш беруші мен онымен бірге қоныс аударған оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың (шетелдік паспорттың не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің, көмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігінің) көшірмелері;

4) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғанын дәлелдейтін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған ұлты қазақ балаларына құжаттардың көшірмелері» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1. Осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттардың толық ұсынылмау және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылғанын белгілеген кезде, олар Жергілікті атқарушы орган, құжат келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін жазбаша негіздей отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тартады.»;

6 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жергілікті атқарушы орган өтініш беруші адам мен оның отбасы мүшелерінің деректерін «Оралман» ДҚ ААЖ арқылы оның (олардың) өзге өңірдің жергілікті атқарушы органында тіркелгендігі мәніне тексереді.

Жергілікті атқарушы орган өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің басқа өңірде тіркелгендігін анықтаған жағдайда «Оралман» ДҚ ААЖ жазбасына тиісті түзетулер енгізеді.

7. Өтінішті «Оралман» ДҚ ААЖ-ға тіркеген сәтте жергілікті атқарушы орган өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің деректерін «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқоры (бұдан әрі – «Жеке тұлғалар» МДҚ) арқылы онда (оларда) жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) болу мәніне тексереді.

ЖСН бар екені анықталған жағдайда жаңа ЖСН генерациялау жүзеге асырылмайды, жергілікті атқарушы орган тіркеген кезде қолда бар ЖСН-ды пайдаланады.

«Жеке тұлғалар» МДҚ-да ЖСН болмаған кезде, жергілікті атқарушы орган өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде қолмен енгізу жолымен өтініш берушінің деректерін «Оралман» ДҚ-ға енгізеді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Көші-қон полициясы» ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ) ЖСН-ды генерациялау үшін электрондық сұрау салу жібереді.»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Мынадай жағдайларда жергілікті атқарушы орган оралман мәртебесін беруден бас тартады:

1) өтініш беруші осы Қағидалардың 2-тармағына сәйкес келмеген кезде;

2) этникалық қазақтың оралман мәртебесін алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленген кезде».

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. «Оралман» ДҚ ААЖ-дан алынған дербес деректердің негізінде ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ ЖСН нақты уақыт режимінде генерациялау рәсімін жүзеге асырады және оны «Оралман» ДҚ ААЖ-ға жібереді.

ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ-нен ЖСН алғаннан кейін жергілікті атқарушы органдар оралман куәлігіне ЖСН қалыптастыруды жүзеге асырады.

Деректер өзгерген жағдайда («Оралман» ДҚ-ға қате деректер енгізілген кезде не мәліметтер жойылған кезде) жергілікті атқарушы орган ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ-да жүргізілген дербес деректерді өзгерту туралы хабарлама жібереді.»;

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Өтінішті тіркеген кезде жергілікті атқарушы орган өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде қолмен енгізу арқылы кеңейтілген дербес деректерді қоса отырып, ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ арқылы өтініш берушінің бастапқы мәліметтерін (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) тексереді.

19. Өтінішті «Оралман» ДҚ ААЖ-ға тіркеген кезде жергілікті атқарушы орган өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің деректерін «Жеке тұлғалар» МДҚ арқылы онда (оларда) ЖСН-ның болу мәніне тексереді.

ЖСН бар екені анықталған жағдайда жаңа ЖСН-ды генерациялау жүзеге асырылмайды, жергілікті атқарушы орган тіркеген кезде қолда бар ЖСН-ды пайдаланады.

«Жеке тұлғалар» МДҚ-да ЖСН болмаған кезде жергілікті атқарушы орган өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде қолмен енгізу арқылы өтініш берушінің деректерін «Оралман» ДҚ-ға енгізеді және ЖСН-ға генерациялау үшін ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ-ға сұрау салу жібереді.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. «Оралман» ДҚ ААЖ-дан алынған дербес деректердің негізінде ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ ЖСН нақты уақыт режимінде генерациялау рәсімін жүзеге асырады және оны «Оралман» ДҚ ААЖ-ға жібереді.

ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ-дан ЖСН алғаннан кейін жергілікті атқарушы орган ЖСН-ды оралман куәлігіне қалыптастырады.

Деректер өзгерген жағдайда («Оралман» ДҚ-ға қате деректер енгізген кезде не мәліметтер жойылған кезде) жергілікті атқарушы орган ІІМ «Көші-қон полициясы» АЖ дербес деректерге енгізілген өзгерістер туралы хабарлама жібереді. Аталған рәсім оралман куәлігін бергенге дейін орындалуы жүзеге асырылады.».

2. «Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидаларын және Уақытша орналастыру орталықтарының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 330-Ө-М бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8601 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 260 (27534) санында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Орталықта тегін тұратын оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне мынадай қызметтер көрсетіледі:

1) ақпараттық және анықтамалық қызметтер ұсыну;

2) аударма бойынша қызмет көрсету;

3) жұмысқа орналастыруда, кәсіптік даярлауда, қайта даярлауда және біліктілікті арттыруда көмек;

4) Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі жөнінде, заңнама негіздері және шағын бизнес ашу бойынша оқыту курстарын өткізу;

5) әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізу;

6) құқықтық қызмет көрсету (тіркелуге, «Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш беруге, азаматтық, әлеуметтік жәрдемақылар алуға кеңестер, консультациялар беру және көмек көрсету);

7) Қазақстан азаматтығын алу және құжаттандыру мәселелеріне жәрдемдесу;

8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін;

9) қазақ және орыс тілдерін оқыту;

10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға жәрдемдесу.».

3. «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Оралман мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оралман мәртебесін беру туралы өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өмірбаян (еркін нысанда);

2) отбасы отағасының, сондай-ақ отбасының әрбір мүшесінің мөлшері 3х4 сантиметр екі фотосуреті;

3) қазақ немесе орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасымен көрсетілетін қызметті алушының және онымен бірге қоныс аударған оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың (шетелдік паспорттың не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің, көмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігінің) көшірмелері;

4) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғанын дәлелдейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған ұлты қазақ балаларының құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатында қазақ ұлтына жататыны туралы ақпарат болмаған жағдайда, оларға көрсетілетін қызметті алушының және тұрақты тұру мақсатында тарихи отаны Қазақстан Республикасына келген, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерлерде тұрақты тұрған онымен бірге көшіп келген отбасы мүшелерінің, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерлерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балаларының этникалық қазақтарға жатқызылғанын растайтын құжаттардың (аттестат, диплом, білімі туралы куәлік, еңбек кітапшасы) көшірмелері ұсынылады.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары (өмірбаян мен фотосуретті қоспағанда) көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіде – тіркелген күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген өтінішті тіркеу туралы хабарлама;

Мемлекеттік корпорацияда – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.».

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Қызмет көрсетуші оралман мәртебесін беруден:

1) «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 13) тармағына үміткер сәйкес келмеген;

2) этникалық қазақтардың оралман мәртебесін алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленген кезде».

мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 16 қазандағы №344 бұйрығына 1-қосымша

«Оралман мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

_____
(жергілікті атқарушы органның атауы)

_____
(мекенжайы бойынша тұратын)

_____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Оралман мәртебесін беру туралы
өтініш

Тарихи отанымызда тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасының _____ облысына (республикалық маңызы бар қала, астана) келуімізге/келуді жоспарлауыма байланысты маған және менің отбасымның мүшелеріне оралман мәртебесін беруді сұраймын.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын отбасы мүшелері:

1) жұбайы (зайыбы) _____;

2) өтініш берушінің ата-анасы және зайыбы (ерлі-зайыптылар)
_____;

3) балалары (оның ішінде асырап алған) және олардың отбасы мүшелері
_____;

4) некеде тұрмайтын ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары, інілері мен апалары, сіңлілері, қарындастары
_____

Өтінішке мына құжаттарды қоса беремін:
_____
_____
_____

Жергілікті атқарушы орган менің және/немесе менің отбасы мүшелерімнің «Оралман» дерекқоры» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде басқа облыстың, Астан, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органында тіркелгенімізді анықтаған жағдайда, менің құжаттарымды _____ (осы өтініш енгізілетін жергілікті атқарушы органның атауы) аударуды, сондай-ақ «Оралман» дерекқоры» ақпараттық жүйесіндегі тиісті жазбаның осы өтініште беру орны бойынша жаңартылуын қамтамасыз етуді сұраймын.

Осы арқылы оралман мәртебесін беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

20__ жылғы «___» _____ _____
(өтініш берушінің қолы)

Құжаттарды қабылдаған: _____
(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

20__ жылғы «___» _____ _____
(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16185 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 8 желтоқсан №420 Астана қаласы

«Әлеуметтік қамсыздандыру саласының азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1042 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 139-бабының 5-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Әлеуметтік қамсыздандыру саласының азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1042 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12751 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 8 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік қамсыздандыру саласының азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімінде:

А БЛОГында – Басқарушы персонал:

«

А2	2-1	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) стационарлық үлгідегі ұйымның құрылымдық бөлімше басшысының орынбасары (жартылай стационарлық үлгідегі ұйым басшысының орынбасары) Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) стационарлық үлгідегі және жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның медициналық бөлімшесінің меңгерушісі Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас бухгалтерінің орынбасары Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас экономисі

»;

«

А2	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның медициналық бөлімшесінің меңгерушісі Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) жартылай стационарлық үлгідегі ұйым, уақытша болу ұйымы директорының (басшысының) әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) уақытша болу ұйымы директорының әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

А2	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның медициналық бөлімшесінің меңгерушісі Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) жартылай стационарлық үлгідегі ұйым, уақытша болу ұйымы директорының (басшысының) әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) уақытша болу ұйымы директорының әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас бухгалтері

»;

«

А2	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) Жұмыспен қамту орталығының сектор басшысы Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын жартылай стационарлық үлгідегі ұйым басшысының орынбасары Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас экономисі

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

А2	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) Жұмыспен қамту орталығының сектор басшысы Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын жартылай стационарлық үлгідегі ұйым басшысының орынбасары Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас бухгалтерінің орынбасары Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас экономисі

»;

«

А3	2	ЗТМО аудандық және қалалық филиал бөлімшесінің басшысы Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бөлімше тобының басшысы Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның жартылай стационарлық үлгідегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның медициналық бөлімшесінің меңгерушісі Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі Аудандық (қалалық) деңгейдегі уақытша болу ұйымы директорының (басшысының) әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

А3	2	ЗТМО аудандық және қалалық филиал бөлімшесінің басшысы Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бөлімше тобының басшысы

»;

«

А3	3	ЗТМО аудандық және қалалық бөлімшесінің бөлім басшысы Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның жартылай стационарлық үлгідегі, уақытша болу және үйде қызмет көрсету бөлімінің басшысы

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

А3	3	ЗТМО аудандық және қалалық бөлімшесінің бөлім басшысы Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның жартылай стационарлық үлгідегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның медициналық бөлімшесінің меңгерушісі Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі

»;

В БЛОГында – Негізгі персонал:

«Денсаулық сақтау» бөлімінде:

«

В4	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: Фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, фармацевт, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, диеталық мейіргер

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

В4	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: Фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, медициналық тіркеуші, фармацевт, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, диеталық мейіргер

»;

«Өзге де салалар» бөлімінде:

«

В2	1	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маманы: жүзу жөніндегі нұсқаушы, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) әдіскері, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі ұйымның маманы, сарапшы, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, инженер - программист (негізгі қызмет)
	2	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маманы: жүзу жөніндегі нұсқаушы, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) әдіскері, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі ұйымның маманы, сарапшы, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, инженер - программист (негізгі қызмет)
	3	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маманы: жүзу жөніндегі нұсқаушы, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) әдіскері, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі ұйымның маманы, сарапшы, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі ә

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 8 желтоқсан №423 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарын өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар және табысы аз адамдарға жатқызу критерийлерін айқындау жөніндегі қағиданы бекіту туралы» 2011 жылғы 5 қазандағы № 353-ө және «Алдағы уақытта жұмыстан босатылатын қызметкерлер туралы мәліметтер» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды бекіту туралы» 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 138-ө бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. Мыналардың:

1) «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарын өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар және табысы аз адамдарға жатқызу критерийлерін айқындау жөніндегі қағиданы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 5 қазандағы № 353-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7285 болып тіркелген, 2011 жылғы 19 қарашада № 552-553 (26945) «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жарияланған);

2) «Алдағы уақытта жұмыстан босатылатын қызметкерлер туралы мәліметтер» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 138-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9398 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 12 маусымда № 114 (27735) «Казахстанская правда» республикалық газетінде, 2014 жылғы 12 маусымда № 113-114 (28338) «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастан күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін қағаз және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарына және «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін вице-министрге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.ДҮЙСЕНОВА

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті _____ Н. Айдапкелов
2017 жылғы 12 желтоқсан

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16129 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 27 қазан №795 Астана қаласы

«Денсаулық сақтау саласындағы сот сараптамалары түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 29 тамыздағы №494 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50 - бабының 2 - тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Денсаулық сақтау саласындағы сот сараптамалары түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 494 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8688 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 26 желтоқсанда № 282 (28221) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсына ресми жариялаған кейін орналастыруды.

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегелннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е.БІРТАНОВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 16 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №15995 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 25 желтоқсан №997 Астана қаласы

«Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 669 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 95) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 669 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12106 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1 тарау. Жалпы ережелер»

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) стационарды алмастыратын көмек-медициналық бақылау жасалатын, дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған медициналық көмекті, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып ұсыну нысаны»;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар медицина қызметкері.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібі».

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері күндізгі стационарда және үйдегі стационарда стационарды алмастыратын көмек көрсеткен кезде пациентті күн сайын қарап-тексереді, жүргізіліп жатқан емді түзетеді, қажет болған кезде қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулерді және бейінді мамандардың консультацияларын тағайындайды, зорлық-зомбылық фактілері және дене жарақаттары анықталған кезде емдеу-профилактикалық көмек көрсетеді, медициналық оңалту жүргізеді, жәбірленушілердің жүгіну фактілері және оларға көрсетілген медициналық көмек туралы ішкі істер органдарын хабардар етеді.»;

21-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) «Әлеуметтік мәні бар ауурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін ауурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11512 болып тіркелген) айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Пациентті үйдегі стационарда қадағалап-қарау үшін стационарды алмастыратын медициналық көмек алу қажеттілігі кезінде пациентке күндізгі стационарды күнделікті баруға кедергі келтіретін ағзалардың функцияларының бұзылуы, сондай-ақ балаларда тұрақты алмастырушы ферментативті және бактерияға қарсы терапияны алу үшін маусымдық вирустық аурулар кезеңінде оқшауландыру талап ететін инфекциялық асқынулардың жоғары қаупімен байланысты орфандық (сирек кездесетін) аурулардың болуы көрсетілімдер болып табылады.».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күннің ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен кейін он күнтізбелік күннің ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е. БІРТАНОВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 18 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16244 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 14 қараша №154 Астана қаласы

Діни қызмет саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 5-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Діни қызмет саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет – ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің жауапты хатшысы М.А. Әзілхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі Н.ЕРМЕКБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі _____ Т. Дүйсенова
2017 жылғы 21 қараша

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы 14 қарашадағы №154 бұйрығымен бекітілген

Діни қызмет саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі

Буын	Саты	Лауазымдардың атауы
		А блогы (басқарушы персонал)
А1	1	Республикалық маңызы бар ММ басшылары
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ басшыларының орынбасарлары
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК басшылары
	2-1	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК басшыларының орынбасарлары
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК басшылары
	3-1	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК басшыларының орынбасарлары
А2	1	Республикалық маңызы бар ММ басшыларының әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасарлары
		Республикалық маңызы бар ММ бас бухгалтері
		Республикалық маңызы бар ММ ғылыми хатшысы
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК басшыларының әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасарлары
		Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК бас бухгалтері
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК басшыларының әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасарлары
		Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК бас бухгалтері
А3	1	Республикалық маңызы бар ММ бөлім басшылары
	2	Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК бөлім басшылары
	3	Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ, КММ, МКҚК бөлім басшылары
		В блогы (негізгі персонал)
В1	1	Бас ғылыми қызметкер
	2	Жетекші ғылыми қызметкер Бас сарапшы
	3	Аға ғылыми қызметкер Жетекші сарапшы
	4	Ғылыми қызметкер Аға сарапшы
	5	Кіші ғылыми қызметкер Сарапшы
		Басқа салалар
В2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман: психолог
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман: психолог
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман: психолог
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: дінтанушы, теолог, әлеуметтанушы, психолог
В3	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: дінтанушы, теолог
		С блогы (әкімшілік персонал)
С2		Біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: мұрағатшы, бухгалтер, статистик, кадрлар жөніндегі инспектор, мемлекеттік сатып алулар жөніндегі инспектор, іс-жүргізу жөніндегі инспектор, механик, аудармашы, референт, экономист, заңгер, бағдарламашы, кітапханашы, қауымдастықпен байланыс жөніндегі маман, барлық мамандықтағы инженер
С3		Біліктілігі орта деңгейдегі мамандар: мұрағатшы, кітапханашы, бухгалтер, статистик, нұсқаушы, кадрлар жөніндегі инспектор, мемлекеттік сатып алулар жөніндегі инспектор, іс-жүргізу жөніндегі инспектор, менеджер, механик, аудармашы, референт, экономист, заңгер кеңесші, барлық атау техниктері, бағдарламашы, барлық мамандықтағы инженер
		Мемлекеттік мекеменің әкімшілік – шаруашылығымен шұғылданатын құрылымдық бөлімшенің басшысы: кеңсе, қойма, шаруашылық, қазандық, мұрағат, кітапхана
		D блогы (қосалқы персонал)
D		Техникалық орындаушылар: архивариус, ассистент, кезекші әкімші, іс жүргізуші, күзетші, хатшы, хатшы – стенографшы, стенографшы, механик: компьютерлік техника (бағдарламалар), компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсету жөніндегі

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) КММ – аудандық маңызы бар қалалардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары қарамағындағы діни қызмет саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелері;

Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) МКҚК – аудандық маңызы бар қалалардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары қарамағындағы діни қызмет саласындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындары;

Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ – аудандық маңызы бар қалалардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары қарамағындағы діни қызмет саласындағы мемлекеттік мекемелері;

Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) КММ – облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары қарамағындағы діни қызмет саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелері;

Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) МКҚК – облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары қарамағындағы діни қызмет саласындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындары;

Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ – облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары қарамағындағы діни қызмет саласындағы мемлекеттік мекемелері;

Республикалық маңызы бар ММ – Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің қарамағындағы діни қызмет саласындағы республикалық мемлекеттік мекемелері.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 6 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16062 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 22 қараша №166 Астана қаласы

Діни туризм саласында туроператорлық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 5-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Діни туризм саласында туроператорлық қызметті жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті белгіленген Қазақстан Республикасының заңнамалық тәртібінде:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауына жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі Н.ЕРМЕКБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі _____ А. Мұхамедиұлы
2017 жылғы 23 қараша

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы №166 бұйрығымен бекітілген

Діни туризм саласындағы туроператорлық қызметті жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Діни туризм саласындағы туроператорлық қызметті жүзеге асырудағы осы қағидалары (бұдан әрі − Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 15-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және діни туризм саласындағы туроператорлық қызметтің жүзеге асырылу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) діни туризм – уақытша болатын елде (жерде) мінажат ету мен салт-жоралар орындауды көздейтін туризм түрі;

2) діни туризм саласындағы уәкілетті орган – діни туризм саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) туроператорлық қызмет (туристік операторлық қызмет) – туристік өнімді қалыптастыру, туристік агенттер және туристердің оны ілгерілетуі және іске асыруы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезиденті (бұдан әрі – туроператор) қалыптастырған, туристік өнімді ілгерілету және іске асыру бойынша аталған қызмет түріне лицензиясы бар жеке және/немесе заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметі;

4) туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган – туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-тарау. Діни туризм саласындағы туроператорлық қызметті жүзеге асыру тәртібі.

3. Діни бірлестіктер діни туризмді ұйымдастыру үшін туроператорлар арасында квота бөлу бойынша конкурс өткізеді.

Діни бірлестік діни туризмді ұйымдастыру үшін діни қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы туроператорлар арасында квота бөлуді өткізеді.

Туроператорлар арасындағы квота бөлу қорытындысы туралы діни бірлестіктердің шешімі оның түскен уақытынан бастап күнтізбелік 14 күннің ішінде уәкілетті органмен келісіледі және діни қызмет саласындағы уәкілетті органның сайтында жарияланады.

4. Конкурс қорытындысы бойынша діни бірлестік пен жеңіп шыққан туроператор арасында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес діни туризмді ұйымдастыру бойынша өзара іс-қимыл жөніндегі шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалады.

5. Квота бойынша туристер тобын қалыптастыру тиісті діни бірлестікпен Шарт жасасқаннан кейін туроператорлар жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде діни туризмді жүзеге асыру және ұйымдастыру туралы ақпараттық материалдар, соның ішінде діни туризмді ұйымдастыру саласындағы жасалған шарттар, келісімдер, меморандумдар мен хаттамалар бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ діни бірлестіктің интернет-ресурсында қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 14 күннен кешіктірілмей жарияланады.

7. Турист діни туризмді жүзеге асыру үшін туроператорды өз бетінше таңдайды.

8. Діни туризм жасауды жоспарлаған турист Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 81 бұйрығымен бекітілген «Туристік қызмет көрсетуге үлгілік шартты бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілер Реестрінде №10604 тіркелген) тиісті үлгілік шартына сәйкес туроператормен туристік қызмет көрсету шартын жасайды.

9. Діни бірлестіктер туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін туроператорларға өздерінің өкілдерін ұсынады.

Діни туризм орындайтын діни бірлестік өкілдерінің саны және мәселелері олардың туристік топтарға қатысу Шартпен анықталады.

10. Туроператорлар діни туризм басталудан 3 күн бұрын жазбаша түрде уақытша болатын елге (жерге) бару, уақытша болған елден (жерден) шығу және сонда болу ережелері туралы, заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрпы, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтер беруге және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асырады.

11. Туроператорлар төтенше оқиғалар орын алған жағдайда діни бірлестікті, діни қызмет саласындағы уәкілетті органды, туристік қызмет саласындағы уәкілетті органды сондай-ақ, туристің отбасын уақытша болатын елдегі діни туризм уақытында турситпен болған төтенше оқиға туралы хабар береді.

Егер төтенше оқиға турист уақытша болатын елде орын алса, туроператорлар Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілеттік органына дереу хабар береді.

12. Уәкілетті орган туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды және туристерді уақытша болатын елдегі (жердегі) ықтимал қауіптер туралы хабардар етеді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 5 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16056 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 20 желтоқсан №184 Астана қаласы

«Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 162 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Дінтану сараптамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 162 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10184 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Дінтану сараптамасын (бұдан әрі – сараптама) жүргізуді Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) қамтамасыз етеді.»;

Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларына қосымша өтініш нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Дін істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі Н.ЕРМЕКБАЕВ

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №184 бұйрығына қосымша

Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларына қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Дін істері және
азаматтық қоғам министрлігі
Дін істері комитетінің төрағасы
_____
(тегі, аты, әкесінің аты)
Өтініш беруші
_____
_____
(жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса) мекенжайы мен телефоны.
Заңды тұлғалар үшін почталық
мекенжайы мен телефоны)

Өтініш

Сізден төмендегі діни материалдарға дінтану сараптамасын жүргізуді сұраймын:
_____
(авторы (және немесе) аудармашы, құрастырушы), басылым деректері (қала, баспасы, шыққан жылы, бет саны) сараптама нысанының атауын көрсете отырып тізбелеу)

Дінтану сараптамасын жүргізу _____
_____ байланысты.
(себебі көрсетіледі, бұл ретте ұйымның кітапхана қорына түскен жағдайда ұйымның атауы мен түскен күнін көрсету қажет, миссионерлерді немесе діни бірлестікті ті

(Жалғасы. Басы 14-бетте)

«Биологиялық активтер» деген бап бойынша (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» нысанының 117-жолы):

биологиялық активтердің әрбір тобына сипаттама берілсін;

ауылшаруашылық өнімдерінің, оларды алу (жинау) сәтіндегі әрбір тобы мен биологиялық активтердің әрбір тобының әділ құнын анықтау үшін пайдаланылған әдістер туралы ақпарат;

іс жүзіндегі шығындар бойынша бағалау жағдайында түсімдер, амортизация, құнсызданудан болған залал және өзге өзгерістері түсіндірме жазбаның ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 9-кестесіне сәйкес көрсетілетін есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы баланстық құн салыстырмасы ашып көрсетілсін.

«Өзге ұзақ мерзімді активтер» деген бап бойынша (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» нысанының 120-жолы) жылдың басында, жылдың аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша сипаттамасы.

Жалға берілген, сондай-ақ концессияға берілген немесе алынған мүлік бойынша ақпарат.

«Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелері» деген бап бойынша (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» нысанының 210 және 310-жолдары):

қарыз алудың түрлері, шарттары және сомалары;

қаржылық міндеттемелердің жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құн бойынша) кейіннен бағалау;

ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 11 және 13-кестелеріне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы өзгерістер.

«Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиторлық берешек» деген бап бойынша (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» нысанының 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 223, 311, 312, 313, 315-жолдары):

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерімен және бақылайтын субъектілермен) операциялар бойынша ақпаратты;

пайдаланылмаған еңбек демалыстары бойынша резерв бойынша берешектің есептен шығару және есепке алу жөнінде ақпарат;

кредиторлық берешектерді есептен шығару сомалары мен себептері;

активтерді жалдау бойынша кредиторлық берешектер туралы ақпарат.

«Бағалау активтері мен бағалау міндеттемелері» деген бап бойынша (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» нысанының 222 және 314-жолдары):

құрылған бағалау міндеттемелері жөнінде ақпарат;

есепті кезең ішінде бағалау міндеттемелерінің пайдаланылған сомалары;

шартты міндеттемелер мен шартты активтердің қысқаша сипаттамасы.

«Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» деген бап бойынша (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» нысанының 221-жолы) жылдың басында, жылдың аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа қысқа мерзімді басқа қысқа мерзімді кредиторлық берешек түрлері бойынша сипаттамасы.

«Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелері» деген бап бойынша (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» нысанының 315-жолы) жылдың басында, жылдың аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша сипаттамасы.

«Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері» деген бап бойынша (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» нысанының 223-жолы) жылдың басында, жылдың аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша сипаттамасы.

«Резервтер» деген бап бойынша («Бухгалтерлік баланс» ҚЕ-1-нысанының 411-жолы) егер ұзақ мерзімді активтер бухгалтерлік баланста қайта бағаланған құнымен ұсынылған болса, ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалаудан болған резервтер бойынша қалдықтар мен операциялар туралы ақпарат ұсынылады.

«Кірістер» және «Шығыстар» деген баптар бойынша (ҚЕ-2 «Қаржы қызметі нәтижелері туралы есеп» нысанының 100 және 200-жолдары) есепті кезеңге кірістер мен шығыстар бойынша ақпарат ұсынылады:

кірістердің әрбір санаты бойынша;

активтерді басқарудан түсетін кірістер мен шығыстар бойынша (инвестициялардан, қарыздардан, қаржылық жалдаудан сыйақылар және активтерді басқарудан түсетін өзге кірістер мен шығыстар бойынша);

негізгі құралдардың, инвестициялық жылжымайтын мүліктің істен шығуынан кірістер мен шығыстар бойынша;

негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалдар және бұрын танылған резервті қалпына келтіру бойынша;

қорлардың құнсыздануының резерв сомалары бойынша және бұрын танылған залалдарды қалпына келтіру;

есепті кезеңде және өткен жылдың ұқас кезеңінде құрылған бағалау резервтерінің сомалары бойынша және бұрын танылған резервтерді қалпына келтіру.

«Өзге кірістер» деген баптар бойынша:

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша – олардың әділ құнының өзгеруінен алынған кірістер туралы;

өтеусіз қабылданған ұзақ мерзімді активтер туралы;

ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 14-кестесіне сәйкес басқа кірістер бойынша ақпарат ұсынылады.

ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 15-кестесіне сәйкес «Түсетін түсімдер бойынша кірістер» бабы бойынша салық түсімдері, салықтық емес және өзге де бюджет түсімдері бойынша ақпарат беру.

«Өзге шығыстар» деген баптар бойынша:

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша – активтерді түгендеу барысында айқындалған активтердің құнсыздануынан шыққан шығыстар туралы;

күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резервтер туралы;

өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер/қорлар туралы;

ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 16-кестесіне сәйкес басқа шығыстар бойынша ақпарат ұсынылады.

«Өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер/қорлар» деген бап бойынша:

ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 18-кестесіне сәйкес өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер/қорлар туралы.

«Концессиялық активтер бойынша ақпарат» деген бап бойынша:

ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 19-кестесіне сәйкес негізгі құралдар түрлері бойынша концессиялық активтердің болуы туралы.

«Өзара операциялары бойынша ақпарат» деген бап бойынша:

ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 20-кестесіне сәйкес элиминирленген операцияларды анықтау мақсатында өзара операциялары бойынша шығыс және кіріс түрлері жөніндегі ақпарат.

7120 «Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар» шоты бойынша есептелген және аударылған соммалар бойынша ақпарат бабы бойынша:

7120 «Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар шоты бойынша есептелген және бюджет кірістері мен шығыстарын элиминирлеу бойынша операцияларды анықтау мақсатында ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 20-кестесіне сәйкес бюджет түсімдерінің санаттары бойынша аударылған соммалар туралы ақпарат.

Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек (ҚЕ-1-нысан «Бухгалтерлік баланс» 224-жолы) бабы бойынша нысанның 12-кестесіне ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» сәйкес есептелген, толық есептелген және өтелген кредиторлық берешектің өтелген саласы туралы есепті кезеңнің басы мен аяғында болуы туралы ақпарат ұсынылады.

ҚЕ-5 «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» нысанының 17 - кестесіне сәйкес «Бюджетке түсетін түсімдер бойынша шығыстарды азайту» бабы бойынша (ҚЕ-2-нысан «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп» 137- жолы) төлеушілермен есеп айырысу бойынша бұдан бұрын есептелген кірістерді түзету кезінде туындайтын бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар туралы ақпарат ұсынылады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының бірінші, екінші және үшінші абзацтарын қоспағанда, 2018 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі Б.СҰЛТАНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы _____Н.Айдапкелов
2017 жылғы «_____» _____

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №719 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығына 1-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Бухгалтерлік баланс

есепті кезең
20___жылғы «___» _____

Индексі: ҚЕ-1 нысан

Кезеңділігі: жартыжылдық, жылдық

Білдіретін тұлғалар тобы:_____
(мемлекеттік мекеме)

Қайда ұсынылады:_____
(бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне)

Ұсыну мерзімі:

Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 9-тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілейді.

Бюджеттің түрі:_____
Өлшем бірлігі: мың теңге

АКТИВТЕР	Жол коды	Есепті кезеңнің басында	Есепті кезеңнің аяғында
1	2	3	4
I. Қысқа мерзімді активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	010		
Қысқа мерзімді қаржы инвестициялар	011		
Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	012		
Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	013		
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	014		
Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	015		
Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар	016		
Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	017		
Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	018		
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер	019		
Қорлар	020		
Берілген қысқа мерзімді аванстар	021		
Өзге қысқа мерзімді активтер	022		
Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек	023		
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	100		
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	110		
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	111		
Жал бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	112		
Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер	113		
Негізгі құралдар	114		
Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар	115		
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	116		
Биологиялық активтер	117		
Материалдық емес активтер	118		
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	119		
Өзге ұзақ мерзімді активтер	120		
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	200		
БАЛАНС			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ТАЗА АКТИВТЕР/КАПИТАЛ	Жол коды	Есепті кезеңнің басында	Есепті кезеңнің аяғында
1	2	3	4
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелері	210		
Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	211		
Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	212		
Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	213		
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	214		
Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	215		
Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	216		
Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек	217		
Қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	218		
Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар	219		
Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	220		
Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер	221		
Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері	222		
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері	223		
Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	224		
Қысқа мерзімді міндеттемелерінің жиыны	300		
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310		
Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	311		
Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	312		
Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	313		
Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері	314		
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелері	315		
Ұзақ мерзімді міндеттемелерінің жиыны	400		
V. Таза активтер/капитал			
Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру	410		
Резервтер	411		
Жинақталған қаржылық нәтиже	412		
Бюджетке түсетін түсімдер бойынша жинақталған қаржылық нәтиже	413		
Таза активтер/капитал жиыны	500		
БАЛАНС			
Баланстан тыс шоттар			
Жалға алынған активтер	610		
Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар	620		
Қатаң есептегі бланктер	630		
Төлеуге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі	640		
Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі	650		
Өтпелі спорттық жүлделері мен кубоктары	660		
Жолдамалар	670		
Әскери техниканың оқулық құралдары	680		
Мәдени мұра активтері	690		

Басшы _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О. _____ж. «___» _____

Ескертпе: нысандарды толтыру бойынша түсіндірме осы бұйрықпен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37 және 38 – тармақтарына сәйкес 7-қосымшада келтірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №719 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығына 2-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп

есепті кезең
20 ___жылғы «___» _____

Индексі: ҚЕ-2 нысан

Кезеңділігі: жартыжылдық, жылдық

Білдіретін тұлғалар тобы:_____
(мемлекеттік мекеме)

Қайда ұсынылады:_____
(бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне)

Ұсыну мерзімі:

Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 9-тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілейді.

Бюджеттің түрі:_____
Өлшем бірлігі: мың теңге

Көрсеткіштер	Жол коды	Есепті кезең	Өткен кезең
1	2	3	4
Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер, оның ішінде:	010		
Ағымдағы қызметті қаржыландыру	011		
Күрделі салымдарды қаржыландыру	012		
Сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырудан алынатын кірістер	013		
Трансферттер бойынша кірістер, оның ішінде:	014		
жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер	015		
Субсидиялар	016		
Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер	017		
Гранттар	018		
Өзгелер	019		
Түсетін түсімдер бойынша кірістер	020		
Айырбас операциялардан түсетін кірістер, оның ішінде:	021		
Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістер	022		
Негізгі капиталды сатудан түскен кірістер	023		
Мемлекеттің қаржы активтерін өткізуден түсетін кірістер	024		
Активтерді басқарудан түсетін кірістер, оның ішінде:	030		
Сыйақылар	031		
Активтерді басқарудан түсетін өзге де кірістер	032		
Өзге кірістер	040		
Кірістер, барлығы (010, 021, 030, 040-жолдардың сомасы)	100		
Мемлекеттік мекеменің шығыстары, оның ішінде:	110		
Еңбекақы төлеу	111		
Стипендиялар	112		
Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер	113		
Қорлар бойынша шығыстар	114		
Іссапарлық шығыстар	115		
Коммуналдық шығыстар	116		
Жалдау төлемдері	117		
Ұзақ мерзімді активтерді ұстау	118		
Байланыс қызметтері	119		
Активтер амортизациясы	120		
Активтердің құнсыздануы	121		
Өзге операциялық шығыстар	122		
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар	123		
Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар, оның ішінде:	130		
Зейнетақылар мен жәрдемақылар	131		
Субсидиялар	132		
Нысаналы трансферттер	133		
Жалпы сипаттағы трансферттер	134		
Жеке тұлғаларға трансферттер	135		
Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер	136		
Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар	137		
Активтерді басқару бойынша шығыстар, оның ішінде:	140		
Сыйақылар	141		
Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар	142		
Өзге шығыстар	150		
Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-лары бойынша шығыстар	151		
Шығыстар, барлығы (110, 130, 140, 150, 151-жолдардың сомасы)	200		
Үлестік қатысу тәсілі бойынша ескерілетін инвестициялар бойынша таза табыс немесе шығындар үлесі	210		
Ұзақ мерзімді активтердің шығуы	220		
Бағамдық айырма	230		
Өзгелер	240		
Есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі (100 - жол – 020, 023, 024 - 200 + 137 + 151 +/- 210, 220, 230, 240- жолдары)	300		
Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі (020-жолы + 023-жолы + 024-жолы – 137-жолы - 151-жолы)	310		
Бюджетке түсетін түсімдерді ескере отырып есепті кезеңнің жиынтық қаржылық нәтижесі (300+/-310)	320		

Басшы _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О.
____ж. «__» _____

Ескертпе: нысандарды толтыру бойынша түсіндірме осы бұйрықпен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 39, 40, 41 және 42 – тармақтарына сәйкес 7-қосымшада келтірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №719 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығына 3-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

қаржыландыру көздері
бойынша (тікелей әдіс) мемлекеттік мекемелердің
шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп

есепті кезең
20___жылғы «___» _____

Индексі: ҚЕ-3 нысан

Кезеңділігі: жартыжылдық, жылдық

Білдіретін тұлғалар тобы:_____
(мемлекеттік мекеме)

Қайда ұсынылады:_____
(бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне)

Ұсыну мерзімі:

Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 9-тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілейді.

Бюджеттің түрі:_____
Өлшем бірлігі: мың теңге

Көрсеткіштер	Жол коды	Есепті кезең	Өткен кезең
1	2	3	4
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Ақша қаражатының түсуі, барлығы (010, 017, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 071-жолдар сомасы)	100		
Бюджеттен қаржыландыру, оның ішінде	010		
Ағымдағы қызмет	011		
Күрделі салымдар	012		
Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттардың есебінен	013		
Трансферттер	014		
Субсидиялар	015		
Өзгелер	016		
Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар	017		
Қайырымдылық көмектен түсетін ақша бойынша	020		
Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатудан	030		
Алынған сыйақылар	040		
Уақытша орналастырылған ақша бойынша	050		
Өзге түсімдер	060		
Жергілікті өзін-өзі басқару ақшасы бойынша	070		
Бюджетке түсетін түсімдер бойынша	071		
Ақша қаражатының шығуы, барлығы (110, 120, 130, 140, 150, 160,170, 180, 190, 191-жолдар сомасы)	200		
Еңбекақы төлеу	110		
Зейнетақылар мен жәрдемақылар	120		
Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер	130		
Өнім берушілер мен мердігерлерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін	140		
Тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар	150		
Трансферттер, субсидиялар	160		
Сыйақылар	170		
Жыл соңында міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды жабу	180		
Өзге төлемдер	190		
ҚБШ-ы бойынша шығыстар	191		
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (100-жол - 200-жол)	300		
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Ақша қаражатының түсуі, барлығы (310, 320, 330, 340, 350, 360-жолдар сомасы)	400		
Ұзақ мерзімді активтерді сату	310		
Бақыланатын және басқа субъектілердің үлестерін сату	320		
Бағалы қағаздарды сату	330		
Қарыздарды өтеу	340		
Өзгелер	350		
Негізгі капиталды өткізуден алынатын кірістер	360		
Ақша қаражатының шығуы, барлығы (410, 420, 430, 440, 450, 460-жолдар сомасы)	500		
Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	410		
Бақыланатын және өзге субъектілердің үлесін сатып алу	420		
Бағалы қағаздарды сатып алу	430		
Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру	440		
Берілген қарыздар	450		
Өзгелер	460		
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (400-жол - 500-жол)	600		
III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Ақша қаражатының түсуі, барлығы (610, 620-жолдар сомасы)	700		
Қарыздарды алу	610		
Өзгелер	620		
Ақша қаражатының шығуы, барлығы (710, 720-жолдар сомасы)	800		
Қарыздарды өтеу	710		
Өзгелер	720		
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (700-жол - 800-жол)	900		
Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (300-жол +/- 600-жол +/- 900-жол)	910		
Таза бағамдық айырма	911		
Кезеңнің басындағы ақша қаражаты	920		
Кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты	930		

Басшы _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О. ____ж. «____» _____

Ескертпе: нысандарды толтыруға байланысты түсіндірме осы бұйрықпен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59 және 60-тармақтарына сәйкес 7-қосымшада келтірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №719 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығына 4-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп

есепті кезең
20__жылғы «___» _____

Индексі: ҚЕ-4 нысан

Кезеңділігі: жартыжылдық, жылдық

Білдіретін тұлғалар тобы:_____
(мемлекеттік мекеме)

Қайда ұсынылады:_____
(бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне)

Ұсыну мерзімі:

Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 9-тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілейді.

Бюджеттің түрі:_____
Өлшем бірлігі: мың теңге

Көрсеткіштер	Жол коды	Күрделі Салымдарды қаржыландыру	Резервтер	Жинақталған қаржылық нәтиже	Бюджетке түсетін түсімдер бойынша жинақталған қаржылық нәтиже	Таза активтердің / капиталдың барлығы
1	2	3	4	5	6	7
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	010	x				
Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету	020	x	x			
Қайта есептелген сальдо (010+/-020-жолдар)	030	x				
Есепті кезендегі таза активтердегі / капиталдағы өзгерістер (041 +/- 042 +/- 043 +/- 044 +/- 045 +/- 046+/- 047+/- 048- жолдар)	040					
Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы	041	x		x		
Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің азаюы	042	x				
Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы	043	x		x		
Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің азаюы	044	x				
Өзге резервтер	045	x				
Шетелдік қызметті қайта есептеу бойынша айырбас бағамдардың айырмалары	046	x				
Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырулардың ұлғаюы	047		x	x		
Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырулардың азаюы	048		x	x		
Есепті кезендегі қаржылық нәтижесі	050	x	x		x	
Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезендегі қаржылық нәтижесі	051	x	x	x		
Бюджетке түсетін түсімдерді ескере отырып есепті кезендегі жиынтық қаржылық нәтижесі	052	x	x			
Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо (030+/-040+/-052-жолдар)	060					
Өткен кезеңнің басындағы сальдо	070	x				
Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету	080	x	x			
Қайта есептелген сальдо (070+/-080-жолдар)	090	x				
Өткен кезендегі таза активтердегі / капиталдағы өзгерістер (101+/-102+/-103+/-104+/-105+/-106+/-107+/-108-жолдар)	100					
Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы	101	x		x		
Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің азаюы	102	x				
Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы	103	x		x		
Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің азаюы	104	x				
Өзге резервтер	105	x				
Шетелдік қызметті қайта есептеу бойынша айырбас бағамдардың айырмалары	106	x				
Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың ұлғаюы	107		x	x		
Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың азаюы	108		x	x		
Өткен кезендегі қаржылық нәтиже	110	x	x		x	
Бюджетке түсетін түсімдер бойынша өткен кезендегі қаржылық нәтижесі	111	x	x	x		
Бюджетке түсетін түсімдерді ескере отырып өткен кезендегі жиынтық қаржылық нәтижесі	112	x	x			
Өткен кезеңнің аяғындағы сальдо (090+/-100+/-112-жолдары)	120					

Басшы _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О. ___ж. «__» _____

Ескертпе: нысандарды толтыру бойынша түсіндірме осы бұйрықпен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76 және 77 – тармақтарына сәйкес 7-қосымшада келтірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №719 бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығына 5-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба

есепті кезең
20__жылғы «___» _____

Индексі: ҚЕ-5 нысан

Кезеңділігі: жартыжылдық, жылдық

Білдіретін тұлғалар тобы:_____
(мемлекеттік мекеме)

Қайда ұсынылады:_____
(бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне)

Ұсыну мерзімі:

Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 9-тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілейді.

1. Жалпы мәліметтер.
мемлекеттік мекеменің қағидасы:_____
бағыныстағы мекемелердің саны: _____
пайдаланатын нормативтік құқықтық актілер: _____

2. Қаржылық есептілікке ашылған мәліметтер.

Қысқа мезімді активтер

Бюджеттің түрі:_____
Өлшем бірлігі: мың теңге

1-кесте. Ақшалай қаражат және олардың баламалары
(ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» 010-жолы)

Көрсеткіштер	Жол коды	Жыл басындағы сальдо	Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо
1	2	3	4
Кассадағы ақша қаражаты (1010)	011		
Мемлекеттік мекеменің ағ

(Соңы. Басы 14-15-беттерде)

7-кесте. Негізгі құралдар (ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» 114-жолы)

Көрсеткіштер	Жол коды	Жер	Ғимараттар	Құрылыстар	Біріліс құрылғылары	Көлік құралдары	Машиналар мен жабдықтар	Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлі	Өзге негізгі құралдар	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо	010									
Бастапқы құны бойынша түсімдер	011									
оның ішінде бюджет бойынша қаржыландыру есебінен	012									
Бастапқы құны бойынша ұлғаюы	013									
Бастапқы құны бойынша азаюы	014									
Бастапқы құны бойынша шығуы	015									
оның ішінде жарамсыз негізгі құралдарды есептен шығару	016									
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдосы	017									
Есепті кезеңнің басындағы жинақталған амортизация сальдосы	020									
Есепті кезеңде түскендері бойынша жинақталған амортизация сомасы	021									
Есепті кезеңде есептелген амортизация	022									
Есепті кезеңде есептен шығарылған амортизация	023									
Есепті кезеңнің аяғында жинақталған амортизация сальдосы	024									
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдосы	030	х	х	х	х	х	х	х	х	
Есепті кезеңде құнсыздануға есептелген резерв	031	х	х	х	х	х	х	х	х	
Есепті кезеңде есептен шығарылған құнсыздануға арналған резерв	032	х	х	х	х	х	х	х	х	
Есепті кезеңнің аяғындағы құнсыздануға арналған резерв сальдосы	033	х	х	х	х	х	х	х	х	
Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдосы	040									
Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдосы	041									

8-кесте. Инвестициялық жылжымайтын мүлік
(ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» 116-жолы)

Көрсеткіштер	Жол коды	Жер	Ғимараттар	Өзгелер	Барлығы
1	2	3	4	5	6
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо	010				
Бастапқы құны бойынша түсімдер	011				
оның ішінде бюджет бойынша қаржыландыру есебінен	012				
Бастапқы құны бойынша шығулар	013				
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо	014				
Есепті кезеңнің басындағы жинақталған амортизация сальдосы	020				
Есепті кезеңде түскендері бойынша жинақталған амортизация сомасы	021				
Есепті кезеңде есептелген амортизация	022				
Есепті кезеңде есептен шығарылған амортизация	023				
Есепті кезеңнің аяғында жинақталған амортизация сальдосы	024				
Есепті кезеңнің басындағы құнсыздануға арналған резерв сальдосы	030	х	х	х	
Есепті кезеңде құнсыздануға есептелген резерв	031	х	х	х	
Есепті кезеңде есептен шығарылған құнсыздануға арналған резерв	032	х	х	х	
Есепті кезеңнің аяғындағы құнсыздануға арналған резерв сальдосы	033	х	х	х	
Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо	040				
Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо	041				

9-кесте. Биологиялық активтер ((ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» 117-жолы)

Көрсеткіштер	Жол коды	Жануарлар	Көпжылдық екпелер	Барлығы
1	2	3	4	5
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо	010			
Бастапқы құны бойынша түсімдер	011			
оның ішінде бюджет бойынша қаржыландыру есебінен	012			
Бастапқы құны бойынша шығулар	013			
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо	014			
Есепті кезеңнің басындағы жинақталған амортизация сальдосы	020			
Есепті кезеңде түскендері бойынша жинақталған амортизация сомасы	021			
Есепті кезеңде есептелген амортизация-	022			
Есепті кезеңде есептен шығарылған амортизация	023			
Есепті кезеңнің аяғына жинақталған амортизация сальдосы	024			
Есепті кезеңнің басындағы құнсыздануға арналған резерв сальдосы	030	х	х	
Есепті кезеңде құнсыздануға есептелген резерв	031	х	х	
Есепті кезеңде есептен шығарылған құнсыздануға арналған резерв	032	х	х	
Есепті кезеңнің аяғындағы құнсыздануға арналған резерв сальдосы	033	х	х	
Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо	040			
Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо	041			

10-кесте. Материалдық емес активтер ((ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» 118-жолы)

Көрсеткіштер	Жол коды	Бағдарламалық қамтамасыз ету	Авторлық құқық	Лицензиялық келісімдер	Патенттер	Гудвилл	Өзгелер	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо	010							
Бастапқы құны бойынша түсімдер	011							
оның ішінде бюджет бойынша қаржыландыру есебінен	012							
Бастапқы құны бойынша ұлғаюы	013							
Бастапқы құны бойынша азаюы	014							
Бастапқы құны бойынша шығулар	015							
оның ішінде жарамсыз материалдық емес активтерді есептен шығару	016							
Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо	017							
Есепті кезеңнің басындағы жинақталған амортизация сальдосы	020							
Есепті кезеңде түскендері бойынша жинақталған амортизация сомасы	021							
Есепті кезеңде есептелген амортизация	022							
Есепті кезеңде есептен шығарылған амортизация	023							
Есепті кезеңнің аяғына жинақталған амортизация сальдосы	024							
Есепті кезеңнің басындағы құнсыздануға арналған резерв сальдосы	030	х	х	х				
Есепті кезеңде құнсыздануға есептелген резерв	031	х	х	х				
Есепті кезеңде есептен шығарылған құнсыздануға арналған резерв	032	х	х	х				
Есепті кезеңнің аяғындағы құнсыздануға арналған резерв сальдосы	033	х	х	х				
Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо	040							
Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо	041							

11-кесте. Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері
((ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» 210-жол)

Көрсеткіштер	Жол коды	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	Әділ құны бойынша бағаланатын	Өзіндік құны бойынша бағаланатын	Барлығы
1	2	3	4	5	6
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	010				
Түсім	011				
Шығару	012				
Есепті кезеңнің соңындағы сальдо	013				

12-кесте. Қысқа мерзімді кредиторлық берешек бойынша бюджетке түсетін түсімдер
((ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» 224-жолы)

Көрсеткіштер	Жол коды	Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу					Барлығы
		3281 шоты	3282 шоты	3283 шоты	3284 шоты	Өзге	
1	2	3	4	5	6	7	8
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	010						
Кредиторлық берешектің есептелуі	011						
Кредиторлық берешектің өтелуі, оның ішінде:	012						
ҚҚС сомасын қайтару	013						
басқа бюджетке түскін түсімдерді қайтару	014						
Салық төлеушілермен есеп айырысу бойынша өткен есепті кезеңдердегі кредиторлық берешекті қоса есептеу	015						
Есепті кезеңнің соңындағы сальдо	016						

13-кесте. Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
(ҚЕ-1 «Бухгалтерлік баланс» 310-жол)

Көрсеткіштер	Жол коды	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	Әділ құны бойынша бағаланатын	Өзіндік құны бойынша бағаланатын	Барлығы
1	2	3	4	5	6
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	010				
Түсім	011				
Шығару	012				
Есепті кезеңнің соңындағы сальдо	013				

14-кесте. Өзге кірістер

Көрсеткіштер	Жол коды	Есепті кезең	Өткен кезең
1	2	3	4
Әділ құнының өзгеруінен	010		
Ұзақ мерзімді активтерді есептен шығарылуы бойынша	020		
Өтеусіз қабылданған:	030		
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерден	031		
басқа мемлекеттік органдардан	032		
басқа ұйымдардан	033		
Бағамдық айырмадан	040		
Залалдардың өтемінен	050		
Активтерді жоюдан түсті	060		
Артық шығындар кіріске алынды	070		
Өзгелер	080		
Барлығы			

15-кесте. Түсетін түсімдер бойынша кірістер
(ҚЕ-2 «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп» 020-жолы)

Көрсеткіштер	Жол коды	Есепті кезең	Өткен кезең
1	2	3	4
Түсетін түсімдер бойынша, оның ішінде:	010		
Салықтық түсімдер	020		
Салықтық емес түсімдер	030		
Өзге түсімдер	031		

16-кесте. Өзге шығыстар

Көрсеткіштер	Жол коды	Есепті кезең	Өткен кезең
1	2	3	4
Әділ құнының өзгеруінен	010		
Ұзақ мерзімді активтерді есептен шығару бойынша	020		
өтеусіз берілген өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	021		
өтеусіз берілген басқа мемлекеттік органдарға	022		
өтеусіз берілген басқа ұйымдарға	023		
өзге шығару	024		
Бағамдық айырма бойынша	030		
Активтердің құнсыздануынан	040		
Резервтер құру:	050		
күмәнді дебиторлық берешектер бойынша	051		
қызметкерлердің демалыс ақылары бойынша	052		
бағалау және шартты міндеттемелер бойынша	053		
Өзгелер	060		
Өтеусіз берілген қорлары:	070		
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	071		
басқа мемлекеттік органдарға	072		
басқа ұйымдарға	073		
Барлығы			

17-кесте. Бюджетке түсетін түсімдер бойынша шығыстарды азайту

Көрсеткіштер	Жол коды	Есепті кезең	Өткен кезең
1	2	3	4
Бюджетке түсетін түсімдер бойынша шығыстарды азайту, оның ішінде:	010		
ҚҚС бойынша	020		
бюджетке түсетін түсімдер бойынша басқа түрлері	030		

18-кесте. Өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер /қорлар

Көрсеткіштер	Жол коды	Бастапқы құны	Жинақталған амортизацияның сомасы	Баланстық құны
1	2	3	4	5
Өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер, барлығы:	010			
оның ішінде: өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	011			
басқа мемлекеттік органдарға	012			
басқа ұйымдарға	013			
оның ішінде: қаржы инвестициялары	020		х	
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	021		х	
басқа мемлекеттік органдарға	022		х	
басқа ұйымдарға	023		х	
негізгі қаражат	030			
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	031			
басқа мемлекеттік органдарға	032			
басқа ұйымдарға	033			
аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар	040			
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	041			
басқа мемлекеттік органдарға	042			
басқа ұйымдарға	043			
материалдық емес активтер	050			
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	051			
басқа мемлекеттік органдарға	052			
басқа ұйымдарға	053			
өзге ұзақ мерзімді активтер	060			
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	061			
басқа мемлекеттік органдарға	062			
басқа ұйымдарға	063			
Қорлар өтеусіз берілді, барлығы:	070		×	
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	071		×	
басқа мемлекеттік органдарға	072		×	
басқа ұйымдарға	073		×	

19-кесте. Концессиялық активтер бойынша ақпарат

Көрсеткіштер	Жол коды	Бастапқы құны	Жинақталған амортизацияның сомасы	Құнсыздануға арналған резерв сомасы	Баланстық құны
1	2	3	4	5	6
Жер	010				
Ғимараттар	020				
Құрылыстар	030				
Біріліс құрылғылары	040				
Көлік құралдары	050				
Машиналар мен жабдықтар	060				
Аяқталмаған құрылыс	070				
Өзгелер	080				
Барлығы:	100				

20-кесте. Өзара операциялар бойынша ақпарат

№ р/с	Күні	Операция түрі	Құжат атауы мен нөмірі	Өзара операциялар бойынша тараптардың атауы	Сомасы	Шоттар корреспонденциясы	
						Дебеті	Кредиті
А	1	2	3	4	5	6	7
		барлығы: соның ішінде:	х	х		х	х
		шығыс түрлері бойынша	х	х			х
			х	х			х
			х	х			х
		кіріс түрлері бойынша	х	х		х	
			х	х		х	
			х	х		х	

21- кесте. 7120 «Бюджетпен есеп айырысуар бойынша шығыстар» шоты бойынша есептелген және аударылған соммалар бойынша ақпарат.

Операция түрі	Жол коды	республикалық бюджет	жергілікті бюджет
А	1	2	3
Бюджетпен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар, барлығы:	010		
Оның ішінде, бюджетке аударылғаны, барлығы:	020		
оның ішінде мынадай санаттар бойынша			
салықтық түсімдер	021		
салықтық емес түсімдер	022		
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	023		
трансферттер түсімі	024		
бюджеттік кредиттерді өтеу	025		
мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер	026		

Басшы _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

М.О.
__ж. «__» _____

Ескертпе: нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы бұйрықпен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 78, 79 және 80 - тармақтарына сәйкес 7-қосымшада келтірілген.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16169 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 22 желтоқсандағы №739 Астана қаласы

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 12590 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Тапсырыс берушілер Заңның 5-бабының 4-тармағына сәйкес айына бір реттен асырмай мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы мынадай:

1) мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған;

2) бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша, оның ішінде камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар, хабарламалар орындалған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті бюджетті нақтылау (түзетілген) кезінде мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайларға қолданылмайды.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

29. Ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мынадай:

1) бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы мәліметтерді;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасын;

3) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орнын;

4) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдерін;

5) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуды бастау және аяқтау мерзімі туралы;

6) техникалық ерекшелігін көрсете отырып, шарттың жобасын веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

Тапсырыс берушілер Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары болған кезде, оларды көрсете отырып техникалық ерекшелікті әзірлеуі мүмкін.»;

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы болып тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлға айқындалады.

Жергілікті атқарушы органдардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша конкурс өткізу кезінде конкурстық комиссияның төрағасы болып орталық атқарушы органның жауапты хатшысы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам айқындалады.

Осы Қағидалардың 22 және 24-тармақтарында көрсетілген жағдайларда конкурстық комиссияның төрағасы болып ұйымдастырушының бірінші басшысынан не оның міндетін атқарушы тұлғадан төмен емес лауазымды адам не жауапты хатшы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам айқындалады.

Осы Қағидалардың 21, 23 және 25-тармақтарында көзделген жағдайларда конкурстық комиссияның төрағасы болып тапсырыс берушінің бірінші басшысынан не оның міндетін атқарушы тұлғадан төмен емес лауазымды адам не жауапты хатшы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам айқындалады.

Осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы болып тапсырыс берушінің бірінші басшысынан не оның міндетін атқарушы тұлғадан төмен емес лауазымды адам не жауапты хатшы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам айқындалады.»;

85-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«85-1. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады.»;

156-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«156. Егер әлеуетті өнім берушіде ұсынылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына ерікті түрде сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.»;

мынадай мазмұндағы 174-1-тармақпен толықтырылсын:

